

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№411

2019 жылғы 1 наурыз

**№21 Қарғалы сайлау округінен депутат
Г.Қ.Ерғазинаның депутаттық сауалы
туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 21-1-бабына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ә.Ә.Қалиевке жолданған, №21 Қарғалы сайлау округінен депутат Г.Қ.Ерғазинаның депутаттық сауалы назарға алынсын.

2. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабымен белгіленген мерзімде жауап ұсынуы үшін, «Ақтөбе облыстық мәслихатының аппараты» ММ (Т.В.Айтқалиев) депутаттық сауалды үш күндік мерзім ішінде жолдасын.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Т. ЕСЕНҒҰЛОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА